

## ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДА КЕҢ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ: ТИІМДІ ЖӘНЕ ТИІМСІЗ ТҮРЛЕРІ

Даркенов Қ.Ғ.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Кең тараган індет, білім беру моделін қайта қарау мен түрлендіруді талап етті. Осындағы жағдайда қашықтықтан білім беру, оны жетілдіру мен қолданысқа енгізу басты орынга шықты.

Қашықтан оқыту – білім берудің қазіргі уақыттағы айырықша танымалдылыққа ие болған, кең қолданысқа енген түрі. Қашықтан оқыту әдісінің мәні бүгінгі нақты уақыт режімінде оқу процесін қашықтықтан жүзеге асыру болып саналады. Оқытушы мен білім алушы студент интернет арқылы байланысқа түседі де, оқытушы білім алушыға дәріс өткізеді, тапсырмалар береді. Білім алушы кері байланысқа түсіп берілген әр түрлі деңгейдегі, формадағы тапсырмалар мен бақылау жұмыстарын орындаиды. Қазақстанда оқытушылар әр түрлі бағдарламалар, оның ішінде кең қолданысқа ие болған, мысалы Microsoft Neams, Zoom, Hangouts т.б бейне бағдарламалар арқылы білім алушылармен байланысқа түсіп білім береді. Қашықтан оқытудың артықшылығы оқытушы білім алушыдан қандай қашықтықта, басқа қалада, әртүрлі елде және әртүрлі континентте болғандығына қарамастан оқу процесін жүзеге асыруға мүмкіндік алады.



Қашықтан білім беруде қашықтық технологиясының маңызы зор. Қашықтық технологиясы оқытуда мынадай ақпарат беру әдістеріне сүйенеді. 1. Электронды оқулықтар, оқу құралдары және анықтамалықтар ақпаратты жинақтайды және сақтайды. Олар білім алушылар үшін қол жетімді болады. 2. Интернет ақпараттың әртүрлі формаларын - мәтін, сызба, видео, аудио, фото, дыбысты жеткізуі және екі тараптың семинар, тәжірибелік сабактар, лабораториялық жұмыстар өткізуден байланысын жүзеге асырады [1].

Қашықтан оқытуды жүзеге асыру үшін аралық қашықтықта, нақты белгіленген уақытта міндетті түрде байланыс болуы қажет. Мұндай байланыс орнау үшін құрамында қамтамасыз ету

құралдары бар техникалық жағдай мен құрылғылар болуы маңызды. Олар: 1. Ақпаратты жеткізу, беру желісі интернет. Аталған желі оқытушы мен студенттің бір бірінің бет бейнесін көру, сөйлесіп пікір алмасу, бейне ақпаратты мысалы, мәтінді, таблицалар мен диаграммаларды, суреттерді жеткізу, тасымалдау функциясын атқарады. 2. Нақты уақыт режімінде ақпаратты қабылдау және жіберуді қамтамасыз ететін құрылғы компьютер, планшет, наутбок, ұялы телефон болуы керек. Құрылғы оқытушы мен білім алушы арасындағы визуалды және дыбысты байланысты қамтамасыз етуі қажет.

Техникалық жағынан қамтамасыз етілу оқу процесін жүргізуге және оқыту әдістерін қолдануға мүмкіндік береді

Қашықтан оқытудың басты белгісі сабак өткізудің ерекшелігіне сәйкес жасалып қолданысқа енген жиынтық әдістердің болуы [2]. Оны ретімен қарастыралық.

1. Техникалық ресурстарды қолдану арқылы оқыту. Әдістің ерекшелігі оқытушылардың, кеңес берушілердің визуальды қатысуымен білім алушының өз ынтасымен, өз бетінше білім алуды және өзіне бақылау жасауды. Ең маңыздысы студенттің диплом алу, стипендия алу үшін емес лайықты білім алу үшін мақсатты түрде өз бетінше білімді игеруге ұмтылады. Ал, оқытушы техникалық ресурстарды пайдалана отырып пәннің әрбір тақырыбына видео, аудио, презентация дайындалады, тапсырмалар беріледі, бақылау жасайды.

2. Бір ғана білім алушымен индивидуальды жоспар бойынша қашықтықтан сабак өткізуге мүмкіндік беретін индивидуальды оқыту әдісі. Аталған әдіс білім алушының білім деңгейін көтереді, оқу процесін онтайланырудың ықпал етеді. Бірақ, бұл әдіс тиімді болғанымен, оқытушының сағаттық жүктемесін жоспарлауда қыындық тудырады және жоо артық қаржы жұмсамау мақсатында индивидуальды оқыту әдісінен бас тартады. Көпшілігінде ата-аналар өз балаларының білімін тереңдегу мақсатында кеңес берушілер, репетиторлар, оқытушылар көмегіне жүгініп, ақылы түрде оқытады.

3. Виртуальды дәріс әдісі – бұл да коммуникацияның бейне, дауыс жеткізу құралдары: скайп, вайбер т.б. қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл әдістің артықшылығы кез келген дәрісті жазып алу арқылы білім алушының қайталап тыңдауды, материалды өз бетінде қабылдауды, игеруіне және дәрістің негізінде жаңа метериалдар іздеуіне мүмкіндік береді. Активті, супер активті студенттерге виртуальды дәріс әдісі бағыт бағдар алуға, дәріс негізінде одан әрі терең оқып үйренуіне, зерттеушілік қабілетінің дамуына жол ашады. Студент, оқыды, ізденеді. Бірақ, бұл әдістің әлсіз жері – білім деңгейі төмен немесе пассивті, белсенделілігі төмен студенттер өз бетінше білім алуға, пәнди игеруге ұмтылмаса, виртуальды бақылау мен оқытушының талап етуі өз нәтижесін бере қоймайды.

4. Онлайн семинар, практикалық сабак өткізу әдісі – электронды байланыс құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Сабак ету процесінде студенттер тек қана оқытушыны көріп, тыңдап қана шектелмейді, өзара пікір алмасуға, өз көзқарастарын дәлелдеуге мүмкіндік алады.

5. Қашықтан оқыту зерттеу әдістерін кеңінен қолдану мен оны түрлендіруге мүмкіндік тудырады. Білім алушыға өзіндік жұмыс жасау тапсырмаларын беру арқылы оқытушы тақырыпқа сәйкес зерттеу әдістерін ұсына алады. Студент тапсырманы орындау барысында Дельфи әдісі, SWOT анализ, PEST анализ, салыстармалы талдау, бинарлы талдау т.б. қолданады, өз бетінше жұмыс істейді, жинақталған білім қорына сүйеніп зерттеу жүргізеді. Мысалы, білім алушы «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан мен Қытайдың қарым қатынасы» тақырыбына, SWOT

талдау[3,236-242] жасау арқылы Қазақстанның немесе Қытайдың бір бірінен күшті жағы, әлсіз жағы қандай және олардың мүмкіндігі мен қауіп қандай деген сұраққа жауап берे алады. Бұл студенттің зерттеу әдістерін менгеруіне, зерттеушілік қабілетінің ашылуына және оқытушының білім алушылардың гылыми-зерттеу жұмыстарына бейімділігін айқындауга мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту оқытушы білім алушымен тікелей байланысқа түсіп берілген тапсырмаға ауызша жауап алғанда, студенттің білім даңгейін айқындау, қосымша көмекші құралдарды пайдаланып отырганын немесе пайдаланбай отыргандығын нақтылау қынга соғады. Сондықтан, нақты берілген тапсырма негізінде студенттің өзіндік жұмысты орындаудың зерттеу әдістерін қандай деңгейде қолдана білгендейін байқауга болады.

Белгілі бір оқытулатын аймақтың саяси жағдайына қатысты тақырып өтілгенде К.П.Боришполеңтің «Методы политических исследований»[4], О.В.Поповың «Политический анализ и прогнозирование»[5], К.В.Симоновтың «Политический анализ»[6] еңбектеріндегі зерттеу әдістеріне сүйене отырып, өзіндік жұмыс орындаудың талап еткенде студенттің еңбектенуі, өз бетінше жұмыс істеу деңгейі көрінеді.

Қашықтан оқытуда дәріс, семинар, практикалық сабактар, студенттердің өзіндік жұмыстарын үйімдастырудың білім алушылардың белсенделілігін, білуге қызығушылығын арттыруды әртүрлі интерактивті оқыту әдістерін кеңінен қолданған тиімді[7]. Олар:

1. Шығармашылық тапсырма. Білім алушыларға өтілген тақырыпқа сәйкес эссе, реферат, баяндама беріледі. Зерттеу әдістерін қолдану талап етіледі. Студенттердің гылыми-зерттеу жұмысына қабілетін білу және олардың өз бетінше іздену деңгейін салыстыру мақсатында бір тақырып барлығына берілуі мүмкін. Кейбір жағдайларда пассивті студенттерді тарту, олардың белсенделілігін арттыру мақсатында жеңіл тақырып беріліп, керсінше активті студенттердің менгеру қабілетін, зерттеу жұмысына бейімділігін айқындау мақсатында оқытушы оларға құрделі тақырып беруі де мүмкін. Бұл қашықтан оқытуда жиі қолданылатын тиімді әдістердің бірі.

2. Шагын топтармен жұмыс әдісі. Студенттерді екі-үш баладан шагын топтарға бөліп, оларға тапсырма беріледі. Тапсырманың орындалуына барлығы бірдей жауапты. Бірақ, бұл әдіс кейбір жағдайда өзін ақтамайды, тиімділігі төмен. Себебі, топтағы тапсырманы орындауда неғұрлым еңбек еткен «жұмысшы аралар» өздерінің міnez құлқы, темпараметріне сәйкес өздерін көрсете алмауы мүмкін де, керсінше тұлға ретінде қалыптасу үстіндегі лидерлер тапсырманың орындалуын түсіндіргенде, баяндауда жетекші рөл атқаруы мүмкін. «Жұмысшы аралар» тасада қалып қояды. Мұндай жағдайда оқытушының біліктілігі маңызды.

3. Білім беру процесіндегі ойындар. Олардың қатарына рөлдік ойындар, имитация, іскерлік ойындар кіреді. Белгілі бір аймақтағы саяси ахуалды талдаганда рөлдік ойындар тартылады. Саяси дағдарысты шешуде сол оқиғаға қатысты тұлғалар қандай шешім қабылдауды мүмкін, неге, шешімді қабылдауга қандай факторлардың әсер болады деп сұрақ қоя отырып, қатысушыларды ізденуге, саяси оқиғаны әр қырынан зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл білім алушылардың қызығушылығын, белсенделілігін арттырады.

4. Қогамдық ресурстарды пайдалану. Белгілі бір тақырыпқа, проблемага қатысты осы мәселені жетік білетін, арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізген маманды шақыру. Мысалы, Ауғанстанның қазіргі кезеңдегі жағдайына қатысты тақырыпты өткенде осы саланы зерттеген ғалымды, маманды немесе сол елде болып қызмет атқарған тұлғаны шақыру, пікір алысу. Тарихи орындарға экскурсия жасау да тиімді.

5. Элеуметтік жобалар және аудиториядан тысқары жүргізілетін оқыту әдістері. Мысалы, бір өзекті проблемага қатысты сауалнама өткізу, интервью жүргізу, фильм, спектакль, көрме көру және студенттердің пікірін білу мен көзқарас қайшылығының туу нүктесі мен өзгеріс траекториясын айқындау. Бұл да белсенді, тиімді әдістердің бірі.

6. Жаңа материалды оқып игеру мен бекіту. Интерактивті дәріс өткізу, көрнекі құралдарды пайдалану, видео және аудио материалдарды қолдану өте тиімді. Семинарда, практикалық жұмыста «аквариум», броундық қозғалыс», «шешім ағашы», «ассоциация» т.б әдістерді қолдану арқылы студенттер белсенділігін арттыруға ықпал ету. Бұл студенттер арасында қызығушылық пен бәсекені арттырады. Бұл әдістерді жекелей немесе командалық түрде жүргізуге болады.

7. Өтілген сабактақырыптарына сәйкес тест өткізу. Тесті оқу тобына немесе әрбір студентке жеке түрде дайындауга болады. Бұл әдістің артықшылықтары болғанымен қашықтан оқыту жағдайда студенттердің көмекші құралдарды, алдын ала дайындалған материалдарды пайдалану, басқаларға шешкізу мүмкіндігі жоғары.

8. Күрделі және талас тудырган сұрақтар мен проблемаларды зерттеу әдістері арқылы талдау. Мысалы, «Ядролық қару қауіпі», «Терроризм, есірткі тасымалдау, адам саудасы, заңсыз миграция» т.б. осындай тақырыптарды жаһандық немесе аймақтық мұdde тұрғысында қарастыру. Зерттеу әдістерін кеңінен қолдана білуді білім алушылардан талап ету. SWOT-талдау, Халықаралық және аймақтық зерттеулердегі салыстырмалы талдау, Case-study, бинарлы салыстыру әдісі т.б. қолдана білу деңгейін айқындаپ оны үнемі жетілдіріп отыру [8,94].

Қашықтан білім беруде коучинг (тренинг), дәңгелек ұстел, коллоквиум, диспут өткізу де тиімді нәтижे береді.

Әрине, қашықтан оқытуда қолданылатын оқыту әдістері аталғандармен шектеліп қалмайды ол үнемі толығып отырады. Оқытушының біліктілігі мен терең білімі және білім алушылардың ынталысы мен құштарлығы, білім алуға құлышынысы, адалдығы мен шынайылығы, үнемі өз беттерінше білім алуды мақсат етіп қоюы қашықтан білім беру сапасын арттра түсетіні сөзсіз. Қашықтан білім алу дәстүрлі білім берудің жаңа бір сатысы. Оның өзіне тән артықшылығы, басымдылығымен қатар, өзіне тән кемшілігі де бар. Гылыми негізде артықшылығын тиімді қолдану, кемшілктерін жою қашықтан білім беру сапасына жағымды өзгеріс әкелетіні ақиқат.

## **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Три особенности дистанционного образования. <https://inostudent.ru/obrazovanie/tekhnologiya-distacionnogo-obrazovaniya.html> қаралды 23.08.2020.
  2. Методы и технологии дистанционного образования. [https://fulledu.ru/articles/1343\\_metody-i-tehnologii-distacionnogo-obrazovaniya.html](https://fulledu.ru/articles/1343_metody-i-tehnologii-distacionnogo-obrazovaniya.html)
  3. Политический анализ и прогнозирование. Учебное пособие. Под.ред. В.А.Семенова, В.Н.Колесникова. – СПб: Питер, 2014. – 432 с:
  4. Боришполец К.П. Методы политических исследований. Учебное пособие для студентов вузов / - 2-е изд., испр и доп. – М.: Аспект Пресс, 2010. – 230 с.
  5. Попова О.В. Политический анализ и прогнозирование: Учебник / – М.: Аспект Пресс, 2011. – 464 с.
  6. Симонов К.В. Политический анализ. Учебное пособие. – М.: Логос, 2002. – 152 с.

7. Интерактивные методы, формы и средства обучения. – Ростов-на Дону.: 2013. – 49 с.  
[https://rostov.rpa-mu.ru/Media/rostov/Svedenia\\_ob\\_OO/Obrazovanie/metodicheskie\\_rekomendacii/interaktiv.pdf](https://rostov.rpa-mu.ru/Media/rostov/Svedenia_ob_OO/Obrazovanie/metodicheskie_rekomendacii/interaktiv.pdf)
8. Барыгиг И.Н. Международное регионоведение. Учебник для вузов. – СПб.: Питер, 2009. – 384.